

Оқушылардың республикалық олимпиадасына іріктеу (облыстық кезен)

II тур
9 - сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай - сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғары ұпай – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушы 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиетіСен де жетер ме екенсің? Жетімдіктің белінен Асып өтер ме екенсің Жарық сәуле көре алмай, Ел шаңына ере алмай, Сол бойы кетер ме екенсің? Жапанға біткен жапырақ... Үзінді кімнің шығармасынан алынған, өлеңнің түрі, жанры, үзіндіде қолданған көркемдік тәсіл туралы айтыңыз.
2.	Қазақ әдебиеті	а) Зар заман кезеңі мен өкілдері ә) Жырау
3.	Қазақ тілі	а) Ұлттық тіл, оған тән белгілер ә) Ісқағаздар стилінің ерекшеліктері туралы айтыңыз
4.	Қазақ тілі	а) Жақты сөйлемнің жасалу жолдары туралы айтыңыз. Мысал келтіріңіз. ә) Қарсылықты бағыныңқылы сабақтастың жасалу жолдарын көрсетіңіз. Мысал келтіріңіз.
5.	Тіл мәдениеті	Менің үш бақытым...

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут